

# ДЫЗЫЛ АУ

ҚК(Б)П облыстық және қалалық комитеттерінің, еңбекшілер депутаттарының Павлодар облыстық советінің органы.

1943 жыл  
1 Январь  
ЖУМА  
№ 1 (1117)

Шыға  
бастағанына  
6-жыл  
Жеке саны  
15, тыйын

Бір өзі 100 мың сом

Баянауыл (телефон арқылы) Ауданында, Павлодар колхозшылары таану колоннасы құрылысына қаражат жыйнау жөніндегі патриоттық қозғалыс ерістей түсуде.

Әсіресе, бұрынғы жамбыл ауданындағы колхоздың колхозшысы қазір аудандық заготживсырьё қызметкері Турғулақов Бәйкенің аралытай іс үстінен көрсетті. Ол бір өзі таану колоннасы құрылысына 100 мың сом берді.

## ЖОЛДАСТАР! ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖАУДЫ БІРЖОЛАТА ТАЛҚАНДАУ ЖЫЛЫ ЕТЕЙІК!

### 1943 жыл

1942 жыл аяқталды. Бүгін жаңа 1943 жылдың табыстығын атадық. Хош келдіңіз жаңа жыл.

1942 жыл—қанды балақ қарақшы гитлершілдермен қан майданда қарсыласқан алып отан соғысының жылы болып, бүкіл совет халқы болаттай бірлігімен отан үшін, азаттық үшін, намыс үшін күреске аттанған жылы болып, тарихтан орын алды.

Бұл жылы—қаскүнем қарақшы жаудың «қауырт соғысы» күйреген үстіне күйреді. Айбынды Қызыл Армияның арыстандай ерлері жаудың қолына уақытша түскен біздің көптеген қалаларымыз бен селоларымызға советтің нұрлы қызыл туын қайтадан нұрлы қызыл тумен қайтадан жеткізіп, неміс-фашист басқыншыларды қынадай қырды, қырыпта жатыр.

Қызыл Армия өзінің соңғы жаңа жеңістерімен, төңдесі жоқ ерліктерімен прогресшіл бүкіл адам баласын сүйсіндіруде. Сталинград ауданында, орталық майданда, алып Донның орта шенінде, Кавказда батыр Қызыл Армия инициативаны өз қолына алды. Сөйтіп, неміс-фашист жауыздарына қырғата соққы беріп, оларды батысқа қарай жөңкілте қууда.

Міне, отан соғысы майдандарында жауынгерлер жаңа жылды осылай қарсы алды.

Жаңа жылды отан соғысының тылындағы еңбек майданындағы жауынгерлерде үлкен табыстармен қарсы алды. Бүкіл Советтер Союзы халықтарымен бірге облысымыздың еңбекшілеріде айта қаларлықтай табыстарға жетті. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздарының бірі Каганович ауданындағы «Жаңа майдан» колхозы мен Потанин совхозы, Бесқарағай ауданының «Прииртышская правда» колхозы, Павлодар ауданындағы Жамбыл атындағы колхоз шаруашылық жылдарын табыспен аяқтап, республикалық, облыстық ауыл-палы қызыл туларға ие болды. Майқайын алтын өндірісі, Корляновка тұз өндірісі, Мехфабрика союз көлемінде алдыңғылардың қатарынан орын алды.

Өзінің айбынды болат қорғаны Қызыл Армиясының жаңа жеңістеріне рухтанып, жігері тасыған барлық советтер халқымен бірге облысымыздың жұртшылығы майданға нә керектің бәрімен көмектесуге жұмылып, өздерінің артық астығы мен қаржыларын жеңісіміздің жолына жұмсауда. Бұл ұлы патриоттық қозғалыста Павлодар колхозшылары өзіне лайықты орын алып, Павлодар колхозшылары таану колоннасын жасауға қызу кірісуде.

Совет халқының басына қатерлі қауып төніп тұрған кезінде таану колоннасына деп бір өзі 50.000 сом берген Молша қарт Қызыл Армия қорына 150 пуд астық берген Пригородный сыяқты патриоттарды отан ешуақытта ұмытпайды. Улан байтақ өлімізде кең ерістеп отырған бұл сыяқты патриоттық қозғалыс күннен-күнге күшейе берсін!

Барлығы майдан үшін, барлығы ауыл жауды тез жөнуге үшін! Жаңа жылды тарихи жеңістің жылы етейік!



### Тыл патриоттарының майданға сыйлықтары

#### Колхозды ауылдың майданға көмегі

21.500 сом

Май. (Өз тілшімізден) «Еңбекші» колхозының колхозшылары майданға көмекті еселеп арттырып отыр. Бұл колхоз үстіміздегі жылы планнан тыс 7 ірі қара мал, 40 қой, 2 жылқы өсірді. Мемлекетке планнан

тыс 68 центнер ет, 2 центнер жүн тапсырды.

Колхозшылар өздерінің ең бірінші парызы мемлекетке астық тапсыру планында мерзімімен бұрын орындап шықты.

#### Мал шаруашылығы продуктыларын мол өндіреміз

Біздің колхоз мал шаруашылығы продуктыларын өндіру жөнінен 1942 жылды табыспен аяқтады. Мемлекетке планнан тыс 2 центнер ет, 1943 жылға аванс етіліп 37 центнер брынза, мемлекетке сату ретінде 3,73 центнер жүн өткізілді.

Ауыл шаруашылығының ақша—қаражат төлемдеріде

толық және мерзімінде орындалды. Майдан мен елмізге мал шаруашылығы продуктыларын мол беру үшін жаңа жылда бұрынғыдан да қажырлылықпен жұмыс істейміз.

Ә. Қуантаев, Ертіс ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозының председателі.

#### Жаңа жылдық тарту

Майданға тылдағы қажырлы еңбегімен көмектесуге жумылған «Қазақстанның XX жылдығы» промартелінің (Куйбышев ауданы) Заваретко ауылдық аткомындағы бөлімшесінің жұртшылығы жаңа жылды кернекті табыстармен қарсы алды.

Артель жұртшылығы жылдық өндіріс планын екі жарым есе етіп асырып орындады. Бөлімшенің төзімді пехы өндірістік тапсырманы 150 процент етіп орындаса, балықшылар бригадасы 200 процент етіп орындады.

М. Баймураин.

#### Планнан тыс продукты

Баянауыл аудандық промкомбинаты директоры Жүсіпбаев жолдас өндіріс шығару қарқыны екі жарты жылдықта 300 процент арттырып, өте хажетті

көншілік қолды товарларды көп берді. Комбинат соңғы айлардың ішінде 370 шана, 300 брычке, 270 доңғалақ, 210 пар лыжа, 300 бөшке жасап үлгерді.

Май ауданында таану колоннасына қаржы жыйнау жұмысы күшті қарқымен жүргізіліп жатыр. «Қазақстан» колхозының колхозшылары таану колоннасы құрылысына 75 мың сом жыйнап тапсырды. Оның ішінде колхозшы, майдандағы жауынгерлердің әкесі-Темірғалиев Қожахмет бір өзі 20 мың сом берді.

Осы аудандағы колхозшы Шалғанов Досым таану колоннасы қорына 21.500 сом ақша берді.

Х. Сманов.

#### Танк колоннасына

Каганович ауданының еңбекшілері таану колоннасына қаржы жыйнауда белсенділік көрсетуде. «Еңбекші» колхозының колхозшылары 60 мың сом, оның ішінде колхоз председателі Абенев жолдас 11 мың сом, «Жаңа майдан» колхозының колхозшылары 66 мың сом, колхоз председателі Жанатаев жолдас 11 мың сом ақша берді.

Сол сыяқты Энгельс атындағы колхоздың колхозшылары 50 мың сом, «Алға бас», Советтердің VII съезі атындағы колхоздың колхозшылары 85 мың сомнан қаржы жыйнап, қолма-қол тапсырды. Қаржы жыйнау жұмысы әлі де қызу жүргізілуде.

Б. Абдуллин.



